

Көкшетау қаласы, Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын) дарынды балаларға арналған №3 облыстық мамандандырылған мектеп-интернаты

2021-2022 оқу жылы

Жас мамандармен жұмыс бойынша жылдық ЕСЕП

2021-2022 оқу жылы мектебімізде 7 жас педагог жұмыс атқарады. Жаңартылған білім мазмұны жағдайында жас мамандардың табысты бейімделуі үшін ұйымдастыру-әдістемелік жағдай жасау мақсатында «Жас мамандар» мектебі жұмыс жүргізді. Жас мұғалімдердің кәсіби дайындық деңгейін анықтау, нормативтік құжаттармен жұмыс істеуді меңгерту, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауды дайындау, мектеп құжаттарын жүргізу, элективті, таңдау пәндері бойынша және жеке және топтық курс бағдарламаларын дайындаудағы жеке консультациялар, қазіргі сабаққа қойылатын талаптар, оқу процесін ұйымдастыру формалары, олардың үйлесуі, қазіргі мектептегі сынып жетекшісінің қызметі сияқты мәселелер отырыстарында қаралды. Қыркүйек айында жас мамандардың тізімі жасалды, сапалық құрамын анықталды, «Жас мамандар» мектебінің жұмыс жоспары бекітілді. 3 жас педагогке Аманболдин Б.Ж. Шалабаева А.Б., Сабиева Н.Ж. -Онгарбай Ж., Сағатай А.А. - Искакова Д.М. тәлімгерлер болып тағайындалды, жұмыс жоспарлары бекітілді. Ағымдағы оқу жылы жас мамандармен 8 отырыс өткізілді.

Қыркүйек айында оқу ісінің орынбасары Оспанова Ш.С. жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету мақсатында "Тиімді жоспарланған сабақ жоспары - нәтижелі сабақ кепілі" мектепшілік семинар-коучинг өткізді. Жас мамандарға қысқа мерзімді жоспарды тиімді құру, сабақ кезеңдерін нәтижелі, жүйелі ұйымдастыру, Блум таксономиясы, SMART мақсаттар бойынша нұсқаулықтар ұсынылды. Коучинг барысында жас мамандармен психологиялық тренинг өткізіліп, өзара еркін тәжірибе алмасуға жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал орналды.



Қазан айында тәлімгер-мұғалімдер Искакова Д.М. Шалабаева А.Б.Онгарбай Ж., бейінді оқыту ісінің орынбасары Кусаинова С.З. жас мамандар арасында «Оқушылардың іс - әрекетін ұйымдастыру» тақырыбында теориялық сабақтар мен шеберхана өткізді. Осы отырыста жас педагогтер белсенді оқыту әдістерін қолдану, оқу процесін ұйымдастыру формалары, олардың үйлесуі, оқытудың әртүрлі әдістерін қолдану, оқу іс-әрекетінің түрлері, сабақ барысында теориялық бөлімді белсенді формалармен тиімді үйлестіру, дарынды балалармен жұмыс бойынша білімдерін арттырды.



Қараша айында тәрбие ісінің орынбасары Кайржанова М.Н. «Жас сынып жетекшісі» тақырыбында семинар өткізіп, жас мұғалімдермен қазіргі мектептегі сынып жетекшісінің қызметі, тәрбие жұмысының жоспарын құру және орындау бойынша жұмыс туралы мәселелерін талқылады.



Желтоқсан айында «Жас мамандар» мектебінің жоспары негізінде тәлімгер- мұғалімдер Шалабаева А.Б., Онгарбай Ж. «Мұғалімнің рефлексивті әрекеті. Сабақты талдау және ішкі бақылау» тақырыбында жас мұғалімдерге семинар-практикум өткізді. Сабақта жас педагогтар рефлексия, оның мәні мен түрлері, мақсатына байланысты оқу сабағын талдауға қойылатын талаптар, оқуға қойылатын талаптар, кәсіби қызметтегі алғашқы табыстар мен жетістіктердің рефлексиясы туралы түсініктерін кеңейтті. Тәлімгер педагогтар жас мамандарға оқытудың тиімді әдістері мен түрлерін, әдістемелік ұсыныстарды тандап, оларды технологиялық үдерісте дұрыс үйлестіріп және ұтымды пайдаланған жағдайда оқу процесінде елеулі нәтижелерге қол жеткізуге болады екенін өз тәжірибесімен байланыстырып түсіндірді.



Қаңтарында айында бейінді оқыту жөніндегі директордың орынбасары Кусаинова С.З мектептің жас мамандарына «Пәндік олимпиадаларға дайындық және оқушыларды зерттеушілік жұмыстарға баулу» тақырыбында семинар-практикум өткізді. Семинар барысында мектептік ғылыми қоғамы шеңберінде оқушылардың зерттеу қызметін ұйымдастыру жөнінде және пәндік олимпиадаларға дайындау барысындағы ұстанымдар бойынша бағыт-бағдар берді.



Ақпан айында мектептің педагог-психологі Какимжанова Д.Ш. «Педагогикалық жағдайлар» тақырыбында тренинг өткізді. Тренинг барысында сынып пен оқушының психологиялық-педагогикалық сипаттамаларын құрастырудың негіздері, сабақтағы қиын жағдай және одан шығу жолы, суицидтің алдын алу мәселелерді жас мамандармен бірлесіп талқылады.



Наурыз айында «Оқушылардың оқу іс-әрекетінің нәтижесін бағалау» тақырыбында «Жалын»шығармашылық тобының жетекшісі Кожаметова Р.З. мен тәлімгер-педагог Онгарбай Ж. мектептің жас педагогтерімен семинар-практикум өткізді. Семинар барысында жас мамандар әр түрлі мазмұндағы шығармаларды бағалау нормалары мен критерийлері туралы, бақылау жұмыстарын жүргізудің, бағалаудың және талдаудың мазмұны мен әдістемесі бойынша, оқушыларға өзін-өзі бағалау мен өзара бағалау әдістерін үйрету жөнінде білімдерін кеңейтті.



Сәуір-мамыр айларында «Бүгінгі жас маман – болашақ білікті ұстаз» тақырыбында жас мамандардың онкүндігі, өткізген сабақтарына өзіндік талдау, тәлімгер мұғалімдердің ұсыныстары және жас мамандардың шығармашылық есебі өткізілді.



Кусаинова С.З. - бейінді оқыту жөніндегі директордың орынбасары